

## **Облыстың атқарушы органдарының автомобиль жолдары жүйесін күтімде ұстау мен оны дамыту жөнінде алған шаралары туралы**

Маңғыстау облысы мәслихатының шешімі 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 14/118. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2001 жылғы 12 қазанда N 570 тіркелді.

Облыс әкімінің орынбасары М.М.Бортниктің "Облыстың атқарушы органдарының автомобиль жолдары жүйесін күтімде ұстау мен оны дамыту жөнінде алған шаралары туралы" баяндамасын тыңдап және талқылай келіп, облыстық мәслихат облыста осы бағытта біршама жұмыстар жүргізіліп отырғандығын атап өтеді.

Облыс аумағында республикалық маңыздағы 910 км, облыстық маңыздағы 1500 км автомобиль жолдары мен 492 км қала және өзге де елді мекенішілік жолы бар.

Республикалық маңыздағы автомобиль жолдарын күтімде ұстаумен және оны жөндеумен "Қазавтодор" РМК-ның Маңғыстау облыстық филиалы, облыстық маңыздағы автомобиль жолдарымен: "Ақтаужолдары", "Абат", "Маңғыстаудорсервис", "Дорсервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен "Маңғыстау жол құрылысы комбинаты" ААҚ айналысуда.

Олар ағымдағы жылдың 8 айында республикалық маңыздағы автомобиль жолдарын күтімде ұстау мен оны жөндеуге арналған - 136,2 млн.теңге облыстық маңыздағы жолда - 72,7 млн.теңге қаржыны игерді.

"Мемлекеттік сатып алулар туралы" Z020321\_ ҚР Заңына сәйкес облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы жыл сайын облыстық маңыздағы автомобиль жолдарын күтімде ұстауға және оны жөндеуге арнап сатып алу жөнінде ашық конкурс өткізуде. Қала және кентішілік жолдарды жөндеуге және оны қайта жаңартуға арналған конкурсты аудандар мен қалалардың әкімияттары өткізуде. Осы жылдың басынан бері осынау мақсатқа 420 млн.теңге жұмсалды. Облыстық маңыздағы жолдардың 3160 шаршы метр ой-шұқыры жөнделді, 1500 - ден астам жол белгілері, 6,5 мыңға жуық таңбалар орнатылып, 10 мың қиғаш жолақты білеулер жаңадан сырланып, боялды.

26,2 км қалалық және кенттік жолдар асфальтталды, 12 км қара жамылғылы жол, 9 км малтатасты жамылғылы жол жөнделді.

Ағымдағы жылы қала, кент және селолық елді мекенішілік жолдарға есеп жүргізілді, оның нәтижелері бойынша олардың бәрі есепке алынды және оларды басқарудың құрылымы айқындалды. Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың барлығы "2001-2005 жылдардағы кезеңге арналған автомобиль жолдарын дамытудың Аймақтық Бағдарламасына" сәйкес жүргізілді.

Сонымен қатар облыстың жол саласының жұмысында "2001-2005 жылдарға

арналған автомобиль жолдарын дамытудың Аймақтық Бағдарламасын" іске асыру жөнінде елеулі кемшіліктер бар. Республикалық маңыздағы автомобиль жолдарында, ұзындығы 427 км Сайөтес-Бейнеу-Опорный жол учаскесі қара жамылғыға көшірілмеген. Аталған учаске құрылысына соңғы жылдары республикалық бюджеттен қаражат бөлінбей отыр. Республикалық маңыздағы автомобиль жолдары желісінің нашар дамуы, көрші облыстармен және мемлекеттермен сауда-экономикалық қарым-қатынасты дамытуға кедергі келтіруде.

Шекаралас мемлекеттер аймақтағы автомобиль жолдарын транзиттік қатынас ретінде толық көлемінде пайдаланбайды.

Облыстық маңыздағы автомобильдер жолдарының жай-күйі түбірлі жақсартуды талап етеді. 35 км жуық жол өткізу қабілеті бойынша құрылыс нормалары мен ережелерінің (ҚНМЕ) талаптарына сәйкеспейді, 116 км жолдың өтпелі бөлігі мен жер төсемі бойынша қанағаттанғысыз жағдайда қалуда, 26 жасанды жол ғимараты күрделі талап етеді.

Түпқараған мен Қарақия аудандарында қала және кентішілік жолдарды жөндеу мен қайта жаңарту жөніндегі жұмыстар баяу жүргізілуде. Жол-құрылысы ұйымдарының өндірістік қуаттарының әлсіздігі, облыстың автомобиль жолдарын тиісті дәрежеде ұстау мен дамытуға мүмкіндік бермей келеді.

Облыс аумағында битум және басқа да қазіргі заманға сай жол-құрылысы материалдары шығарылмайды.

Облыстық мәслихат шешім етеді:

1. Облыс әкімиятына мыналар ұсынылсын:

1) Сайөтес-Бейнеу-Опорный жол учаскесінің құрылысына республикалық бюджеттен қаражат бөлу турасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдына өтініш жасау;

2) 2002 жылға арналған облыс бюджетін қалыптастыру кезінде, табыс етілген шығыстар сметасына сәйкес жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарын күтімде ұстауға, жөндеуге және қайта жаңартуға арнап барынша көп қаражат бөлу.

2. Қалалар мен аудандардың әкімдеріне, "Маңғыстауқұрылысинвест" МКК-на 2001 жылға арнап автомобиль жолдарын күтімде ұстау мен жөндеуге облыстық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражатты игеру жөнінде қажетті шаралар алу ұсынылсын.

3. "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ-на, "Өзенмұнайгаз" ААҚ-на, "Казтрансойл" МТҰК-на, "Маңғыстауқұрылыс" АҚ-на, "Тексако Норс Бузачи Инк", "Партекс (Қазақстан) Корпорейшн", "АДЖИП ККО" компанияларына, СП "Арман", "Тасболатойл Корпорейшн" ЖШС-не жергілікті маңыздағы жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарын ұстау мен жөндеу жұмыстарына үлесті негізде қатысу ұсынылсын.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат  
хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК